

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанынан Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2097. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасында шет ел капиталын тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік реттеуді, үйлестіруді және бақылауды күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің таратылатын Шет ел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігі негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет шет ел инвестицияларын, кредиттерін, техникалық және қаржы көмегін тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік саясатты әзірлеп, жүзеге асыру үшін жауапты орталық атқарушы өкімет органы болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Шет ел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігінің Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан және соның тапсыруы бойынша қол қойылған техникалық және қаржы көмегі туралы келісімдерден туындайтын халықаралық міндеттемелер жөніндегі құқылы мұрагерлігін анықтау мәселесін шешетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитеттің басты міндеттері:

Қазақстан Республикасында шет ел капиталын пайдаланудың басым бағыттарын анықтау (Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің ұсынысы бойынша);

шет ел капиталын тартудың көлемі (ағымдағы және келешектегі), Қазақстан Республикасының сыртқы берешегінің лимиттері мен кепілдіктерінің лимиттері бойынша ұсыныстар әзірлеу (Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің ұсыныстары бойынша);

Қазақстан Республикасына шет ел капиталын тарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы өкімет

органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өзара іс-қимылын үйлестіру және олардың шет ел капиталын тарту саласындағы қызметін мемлекеттік реттеу;

шет ел капиталының пайдаланылуына талдау жасау және тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай мерзімде:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы ережені бекітсін;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитеттің қызметкерлерінің саны, қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитетті орналастыру үшін Алматы қаласында үй-жай бөлсін.

7. "Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 Жарлығына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақтың "а" тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шет ел инвестициялары, кредиттері, техникалық және қаржы көмегі саласында - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет";

1 тармақтың "а" тармақшасындағы үшінші абзацтан "шет елдің қаржы көмегі және" деген сөздер алынып тасталсын;

1 тармақтың "ә" тармақшасының екінші абзацы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздерінің алдынан "жекелеген реттерде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің келісімі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

8. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

